

Қазақстан Республикасының аумағындағы онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту және "Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 344 бүйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 388-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 3 қазандағы № 33496 болып тіркелді

"Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасына және 9-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Шетелдік онлайн-платформалардың және (немесе) лездік хабар алмасу сервистерінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 344 бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29293 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министре жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің 2023 жылғы  
29 қыркүйектегі № 388-НҚ  
бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың занды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың занды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасына және 9-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында орташа тәуліктік қолжетімділік бір ай ішінде жүз мыңдан астам пайдаланушыны құрайтын, уәкілетті органмен озара іс-қимылды жүзеге асыратын онлайн-платформалардың занды өкілдерінің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды, (бұдан әрі – тізілім).

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккаунт – онлайн-платформаны пайдаланушының онлайн-платформада тіркелгеннен кейін жасалатын дербес парапашасы;

2) интернет-ресурс – бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат;

3) лездік хабар алмасу сервисі – қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, телекоммуникация желілерін пайдалана отырып нақты уақыт режимінде лездік хабар алмасуға не оларды нақты айқындалған тұлғаға (тұлғаларға) беруге арналған және (немесе) онлайн-платформаны пайдаланушылар сол үшін қолданатын бағдарламалық қамтылым;

4) онлайн-платформа – қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурсты және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылымды және (немесе) лездік хабар алмасу сервисін қоспағанда, онлайн-платформаны пайдаланушының өзі ашқан аккаунт, жария қоғамдастық арқылы онлайн-платформадағы контентті алуға, жасауға және (немесе) орналастыруға және (немесе) таратуға және (немесе) сақтауға арналған интернет-ресурс және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылым және (немесе) лездік хабар алмасу сервисі;

5) онлайн-платформадағы контент – онлайн-платформаны пайдаланушы белгілерді және (немесе) сигналдарды, және (немесе) дауыстық ақпаратты, және (немесе) жазбаша мәтінді, және (немесе) бейнені, және (немесе) дыбыстарды, және (немесе) аудиокөрнекі нысанды қабылданап алу және (немесе) тұлғалардың нақты айқындалған немесе беймәлім тобына беру арқылы алатын және (немесе) жасайтын, және (немесе) орналастыратын және (немесе) тарататын, және (немесе) сактайтын онлайн-платформадағы ақпарат;

6) уәкілетті орган – онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Тізілімді жүргізу үшін негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың заңды өкілдерін тізілімге енгізу және есепке алу болып табылады.

4. Тізілімді уәкілетті орган электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде жүргізеді

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу тәртібі**

5. Тізілімді қалыптастыруды және жүргізу үәкілетті орган осы Қағидалардың 8-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес онлайн-платформаның меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында [www.gov.kz](http://www.gov.kz) көрсетілген электрондық мекенжайға ұсынған мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

6. Уәкілетті орган онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері тізілімге енгізу үшін мәліметтерді электрондық мекенжайға ұсынған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мәліметтердің бар-жоғына тексереді.

Онлайн-платформалардың меншік иесі және (немесе) өзге де заңды өкілі "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалатын тәртіппен уәкілетті органның электрондық мекенжайы арқылы дербес деректерді жинауға, өндөуге жазбаша келісім береді (кері қайтарып алады).

Онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері тізілімге енгізу үшін толық емес мәліметтерді ұсынған кезде уәкілетті орган дәлелді бас тартуды дайындауды және оны онлайн-платформаның меншік иесінің және (немесе) өзге де заңды өкілінің электрондық мекенжайына жібереді.

Онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері қажетті мәліметтерді енгізгеннен кейін тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қайта ұсынады.

7. Уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында [www.gov.kz](http://www.gov.kz) көрсетілген электрондық мекенжайға мәліметтерді алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде

уәкілетті органмен өзара іс-қымыл жасау жөніндегі онлайн-платформалардың заңды өкілдері туралы мәліметтерді тізілімге енгізеді және онлайн-платформаның меншік иесін және (немесе) заңды өкілін оның тізілімге енгізілгені туралы хабарлайды.

8. Әрбір тізілімдік жазба мынадай ақпаратты қамтиды:

1) онлайн-платформалардың заңды өкілдері туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркелген мекенжайы немесе нақты тұратын жерінің мекенжайы;

заңды тұлғалар үшін – толық және қысқартылған (бар болса) атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жерінің мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі, заңды тұлға басшысының, ұйымның өзге де байланыс адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

жеке кәсіпкерлер үшін – атауы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркелген мекенжайы;

шетелдік ұйымдар үшін – толық және қысқартылған (бар болса) атауы, тіркелген елі, салық сәйкестендіргіші және (немесе) тіркелген елдің сауда тізіліміндегі салық сәйкестендіргіші, орналасқан жерінің мекенжайы;

шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі және құжатты берген ел, тұрғылықты (тұратын) жері бойынша тіркеу мекенжайы (бар болса);

2) онлайн-платформалардың заңды өкілінің пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы;

3) онлайн платформаның домендік атауы;

4) онлайн-платформа әкімшілігінің электрондық мекенжайы;

5) тізілім жазбасының нөмірі және оның тізілімге енгізу күні;

6) осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген деректердің өзгеруіне байланысты мәліметтер.

9. Онлайн-платформаның қызметін тоқтату туралы ақпаратты, сондай-ақ осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген деректердің өзгерістері туралы мәліметтерді уәкілетті орган оларды түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді.

10. Тізілімде жазбалардың жасалған күні мен уақыты көрсетілген тізілімдік жазбалардың өзгертулерінің дербестендірілген тарихы сакталады. Тізілімнен мәліметтерді жоюға жол берілмейді.

11. Дербес деректерді жинауды және өндеуді уәкілетті орган Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда айқындалатын тәртіппен онлайн-платформалардың меншік иесінің және (немесе) өзге де заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК